



## Студенттің өзіндік жұмысы

**Қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселенің бірі – бәсекелестікке қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындаі білікті кәсіби мамандар дайындау. Бүгінгі күні жоғарғы оку орындарына әлемдік өркениетке үмтүлышп, дүниеге іргелі ел ретінде танылышп білімді, білікті, саналы азаматтар тәрбиелеу керек міндеті тұр.**  
**Бұл - міндет білім алушы, студент - жастардың шығармашылықтарын арттырып, өздігінен білім алуға және алған білімін іске асыра білуге үйретуді міндеттейді. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан Халқына арналған Жолдауында сапалы білім беру туралы мәселе - ұстаздар қауымына үлкен міндеттерді жүктеп отын-**

дарына студенттерді баулуы тиіс. Бұл орайда, СӨЖ рефарат, баяндама, шығармашылық жұмыс, бақылау жұмысы, ғылыми мақала түрінде т.б. дайындауға ықпал етуі қажет. Жоғарғы оку орындарында оқытуудың кредиттік технологиясы бойынша элективті пәндер каталогы құрастырылады. Элективті пәндер каталогы тандау бойынша компонент пәндерінің жүйелі тізімінен және оладың қысқаша мазмұнынан құралады.

Осындай элективті пәндердің бірі бойынша, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасына қарасты 5В011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының II курс студенттерін кафедра менгерушісі, ф.ғ.к., профессор Базар Анасқызы Рахметованың дәріс беретін «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті және әдеби даму» пәні бойынша кезекті өзіндік жұмыстарын қорғау сағатын өткізді.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің манызды бір саласы

Заманауи прогресте мақсатқа жету үшін, жас мамандарды үйрете отырып, заман талабына сай болу үшін, білімі жоғары, мәдениетті, өзіне деген сенімі мықты, азаматтық айқында масы орнықты, кәсіптік білім деңгейі жоғары, жақалықта жаны құмар, тың шешім таба алатын өз мамандығының шебері болуға дайындау қажет.

Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) – студент білімінің тереңдігі, дағдылары мен біліктілігіне, білім менгеруіне ықпал ететін оқу процесінің ең негізгі элементтерінің бірі. СӨЖ орындау арқылы студент оқу процесінің белсененді мүшесі бола отырып, өз ойын еркін, сондай-ақ, нақты дәлелдермен жеткізе алатын дағдыларды үйренеді және меңгереді. Оқытушы оқыған кез - келген дәріс тақырыбы студентке түсінікті бола бермейді. Оның себептерінің бірі – студенттің басты қызығушылық обьектісі – мамандық алу. Ал, оқылған дәріс оның болашақ мамандығымен байланыссыз болса, оны игеруге құлқы болмайды. Онымен қоса, оқу процесінің бастапқы кезеңдерінде, студенттерде қойылған проблеманы шешуге қажетті өзіндік жұмыс істеу дағдылары әлі толық қалыптаспайды. Сондықтан, оқу процесінің алғашқы кезеңдерінде оқытушы тек проблема қоюған емес, оны шешу жол-

ақын – жыраулардың жарыққа шығарған өлең-жырлары болып саналады. Бұлар қазақ мәдениеті мен әдебиетінің аса маңызды мұралары болып табылады. Аталмыш СӨЖ сабакы «Жырау және ақын» тақырыбына байланысты әр студент өзіндік жұмыстары бойынша қорғады. Сабак барысында ұлы Абайдың әнімен басталып, осы саланы зерттеушиғалымдар туралы, ақын – жыраулар поэзиясы туралы тың деректер мен пікірлері айтылды. Атап айтсақ, Фариза Сейітқұлова Абайдың «Ұяламасын дегені қөңіл үшін», Зарина Нұраханова ыбырайдың «Қарға мен тұлкі», Гүлізад Уринбекова Махамбеттің «Ұлы арман», Рысты Мұздахан Ақан серінің «Адамның біліміне ақыл керек», Әсемгүл Үсқақова Абайдың «Өлсем орнын қара жер сыз болмай ма?», Нұрай Тарғанова Ақан серінің «Жіргіт сипаты», Данар Уралбаева Майлықожа Сұлтанқожаұлының «Өлшеніп берген өмір бар», Рана Мырзахмет Дулат Бабатай-ұлының «О, Ақтан жас, Ақтан жас!» шығармаларымен таныстырып өтті. Сондай-ақ, студенттер тақырыптарға қатысты кітаптар көрмесі мен ақындар өлеңдері жазылған диск жинақтарынанарнайы көрме дайындаған.

Студенттер аталмыш сабакта белсененділік танытып, сабак мазмұнды да қызықты өтті.

Ардақ АБДУЛЛИНА,  
АрқМПИ